БЕКІТЕМІН:
«Дарын» ШҚ ДпҚББДҒӘО
директордың м.а.
Е. Шимина
«___» _____2020 ж.

1-7-сынып оқушыларының облыстық «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар конкурсының Ережесі

I. Жалпы ережелері

1. Осы Ереже оқушылардың зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалары облыстық «Зерде» конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастырылуын, мақсаты мен міндеттерін, өткізу тәртібі мен қаржыландыруын, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

2. Конкурсты Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы мен дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы (бұдан әрі - «Дарын» ШҚ ДпҚББДҒӘО) ұйымдастырады.

3. Конкурстың басты мақсаты балалардың танымдық қызығушылықтарын және зияткерлік - шығармашылық әлеуетін ынталандыру болып табылады.

4. Конкурстың басты міндеттері:

- оқушылардың зияткерлік шығармашылығын ерте мектеп жасынан дамыту, бала кезінен ғылыми ізденіс жұмыстарына қызығушылығын ояту;
- ғылыми-техникалық және зияткерлік шығармашылық саласында қабілетті және дарынды балаларды айқындау, оларға қолдау көрсету;
- оқушылардың жоғары жетістіктерін, білім беру ұйымдарының оқу және ғылыми-ізденістегі жұмыс тәжірибесін, өзара қарым-қатынасын ұйымдастыруды насихаттау және демонстрациялау;
- педагогикалық кадрлардың кәсіби шеберлігін жетілдіру;
- қоғамның зияткерлік әлеуетін дамыту мәселесіне көпшіліктің назарын аудару.

2. Конкурстың қатысушылары

5. Конкурсқа жас зерттеушілер – 1-7-сынып оқушылары жеке, сондай-ақ, командалық құрамда қатыса алады (2 қатысушыдан аспау керек).

3. Конкурсты ұйымдастыру мен өткізу тәртібі

6. Конкурс үш кезеңнен тұрады:

1) бірінші кезең – аудандық/қалалық (қыркүйекте);

2) екінші кезең – іріктеу кезеңі (жұмыстарды алдын-ала сараптау) – қазан айының екінші жартысында.